

М.Мамыраев атындағы мектеп- интернаты КММ

О/Б отырысында
қаралды:

Хаттама №

С.А.Тишмағамбетова

“ 07 ” 09

КЕЛІСЕМІН:

Директордың оқу ісі

жөніндегі орынбасары:

З.С.Садыкова

“ 01 ” 09 13 м.



«Оқуға құштар мектеп» жобасының аясында жүргізілетін
«Сөз сыры» оқу сауаттылығын жетілдіру жұмысы

2023-2024 оқу жылы

Бастауыш сынып мұғалімі:

Г.Ж.Абишева

Қарағанды қаласы 2023

“Бекітілді”
М.Мамыраев атындағы
мектеп-интернаты КММ
директоры:
А.Б.Божбанова.....
«.....».....

**2023-2024 оқу жылындағы “Оқуға құштар мектеп” жобасының аясындағы
“Сөз сыры” оқу сауаттылығын дамыту жұмыстарының жоспары.**

Р/с	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1.Ұйымдастыру кезеңі			
1	3-4 сынып оқушыларын іріктеу,жұмыс жоспарымен таныстыру	қыркүйек	<u>жетекші</u>
2. Жұмыс барысы			
1	Жұмыс мақсаты мен міндетін белгілеу,кестесін бекіту. Оқушылармен танысу	қыркүйек	<i>жетекші</i>
2.	Өтетін орны мен мезгілін анықтау	қыркүйек	<i>жетекші</i>
3.Жыл бойында жасалатын жұмыстар			
1.	Жасалған жұмыстарға талдау жасап отыру.	Айына бір рет	<i>жетекші</i>
2.	Жоба бойынша сабақтан тыс жұмыстар өткізу.	Кесте бойынша	<i>жетекші</i>
	Оқушылардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру үшін көру диктанттарын алу	Үнемі	<i>жетекші</i>
	Сыныптан тыс жұмыстарға дайындау	Айына бір рет	<i>жетекші</i>
	Үйдің күрделі тапсырмаларына талдау жасау	Үнемі	<i>жетекші</i>
	Мәнерлеп, сауатты оқу жұмыстарын жүргізу	Үнемі	<i>жетекші</i>

Жетекшісі: Г.Ж.Абишева

**Білім алушылармен өткізілетін
сабақтар кестесі**

№	Апта күндері	сынып	Өтетін орын	уақыты	жауапты
1	сейсенбі	3-4	32	18.30-19.30	Г.Ж.Абишева
2	сәрсенбі	3-4	32	18.30-19.30	Г.Ж.Абишева
3	бейсенбі	3-4	32	18.30-19.30	Г.Ж.Абишева
4	жұма	3-4	32	18.30-19.30	Г.Ж.Абишева

Жетекшісі: Г.Ж.Абишева

“Оқуға құштар жобасының аясында жүргізілетін
“Сөз сыры” оқу сауаттылығын жетілдіру жұмысының жоспары

Түсінік хат

Жұмыс бастауыш сынып оқушыларына арналған. Оқушылардың әдеби мұраларға деген талғамын тәрбиелейді, рухани дүниесін кеңейтеді, ақыл-ойы мен ұлттық сана сезімін дамытуға ықпал жасап, ауызекі және жазба тілде байланыстырып сөйлеуін дамытады. Оқушылардың қазақ тілі және әдебиет сабағына қызығушылықтарын арттырады. Түсініп оқудың, шапшаң оқудың техникаларын үйренеді.

Жобаға тілге жүйрік, өз беттерімен шығарма жазуға, өлең шығаруға икемдері бар, шығармадағы көркем бейнелердің ерешеліктерін сезініп аша білетін оқушылармен бірге, оқу дағдысы толық қалыптаса қоймаған біршама оқушылар да тартылады.

Жобаның оқу материалына халық ауыз әдебиеті үлгілерін (аңыз-әңгімелер, өлең-жыр, шешендік сөздер, мысал, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтелдер, ертегілер) сабақ мазмұнына сай енгізу баланың алған білімін толықтырып, байытып, жан-жақты дамуына дәйекті ықпал етеді.

Сондықтан жоба сыныптан тыс сағаттарда ұлтымыздың асыл мұраларын дәріптейтіндей, жеке тұлғаны дамытып, оқуға деген қызығушылықтарын оятып, адамгершілікке, ізгілікке, сыйластыққа тәрбиелеп, еркін дамуына жол ашуына қарай бағытталған.

Мақсаты:

Оқушылардың сыныптан тыс уақытта шығармашылық ізденістерін, өзіндік қабілеттерін және қарым-қатынасын қалыптастырады. Оқу сауаттылығын дамытады. Өзіндік талдайды, жинақтайды, жұмыс барысында шапшаңдық танытады, өз ойын әдеби тілмен өрнектей білуге машықтандырылады, есте сақтау қабілеттері, жүйелі және көркем, таза сөйлеуі жетіледі.

Міндеті:

- Оқушылардың оқу - тәрбие үрдісінде алған білімдерінің әрі қарай дамуына мүмкіндік жасап, қабілеттері шыңдалады.
- Көркем әдебиет жанрына байланысты өлең, шығарма жазу дағдылары қалыптастырылады.
- Қоғамдық белсенділіктері дамиды.
- Өзара қарым-қатынастары қалыптасып, белгілі бір еңбек түріне үйренеді, оның дамуына ықпал етеді, өзіне деген сенімі қалыптасады. Әдеби кітаптар оқуға құштарланады.

Күтілетін нәтиже:

Ертегі, әңгіме, өлең тыңдауға, шығарманың мағынасын түсінуге, кейіпкерлерді бағалауға, адамгершілік қасиеттерді сипаттауға ниеттенеді. Рөлдер бойынша сөйлеп,

бейнелеп үйренеді. Өлеңдерді нақышына келтіріп, жатқа және мәнерлеп оқуға үйренеді. Оқуға қызыға отырып, кітапты жақсы көреді.